

"Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қайта атауы және мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют аудандық әкімдігінің 2015 жылғы 27 қаңтардағы № 35 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 13 ақпанда N 3103 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 16 қарашадағы № 269 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы әкімдігінің 16.11.2020 № 269 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық Кодексінің 42 бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31 бабына, "Мемлекеттік мүлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 18 бабы 8) тармақшасына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі "Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне қайта аталсын.

2. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы әкімдігінің 21.02.2017 № 45 қаулысымен (алғашқы рет ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы әкімінің аппарат басшысы Қ.С.Сарбалиновқа жүктелсін.

4. Осы қаулы бірінші ресми жарияланған күннен он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Е. Бекшенов

Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 27 қаңтардағы № 35 қаулысымен бекітілді

"Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ережесі

Ескерту. Ереженің күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы әкімдігінің 21.02.2017 № 45 қаулысымен (алғашқы рет ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

1. Жалпы ережелер

1. "Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі мәтін бойынша – Бөлім) басқару саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Бөлімнің ведомстволары, бөлімшелері және өкілдіктер жоқ.

3. Бөлім өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Бөлім мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, өзінің атауы мемлекеттік тілде жазылған мөрлері мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ заңнамаға сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. Егер бөлімге заңнамаға сәйкес өкілеттік берілсе, ол өз атынан азаматтық-құқықтық қатынастарға түседі.

6. Бөлім егер заңнамаға сәйкес осыған өкілеттік берілсе, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. Бөлім өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіпте бұйрықтар қабылдайды.

8. Бөлімнің құрылымы және штаттық санының лимиті аудан әкімдігімен бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 150900, Солтүстік Қазақстан облысы, Мамлют ауданы, Мамлютка қаласы, А.Құнанбаев көшесі, № 5 үй.

10. Бөлімнің толық атауы:

мемлекеттік тілде: "Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі;

орыс тілінде: Государственное учреждение "Отдел сельского хозяйства Мамлютского района Северо-Казахстанской области".

11. Осы Ереже Бөлімнің құрылтай құжаты болып табылады.

12. Бөлім қызметін қаржыландыру аудандық бюджеттен жүзеге асырылады.

13. Бөлімге кәсіпкерлік субъектілерімен Бөлімнің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Бөлімге заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

14. Бөлімнің миссиясы (қызметінің мақсаты) – Бөлімнің қызметін ақпараттық-талдаулы қолдау, ұйымдастыру-құқықтық және материалдық-техникамен қамтамасыз етуді жүзеге асыру болып табылады.

15. Бөлімнің міндеттері:

Бөлім коммерциялық емес түрдегі басқару қызметін іске асыру үшін құрылған.

16. Бөлім функциялары (қызметінің мәні):

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Бөлім келесі функцияларды жүзеге асырады:

бөлімнің қызметін қаржы-шаруашылық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету;

бөлім қызметін іс жүргізумен және құжаттамамен қамтамасыз ету;

бухгалтерлік есепті және есеп беруді ұйымдастыру;

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексіне сәйкес, "Мемлекеттік қызмет туралы" 1999 жылғы 23 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес басқа нормативтік-құқықтық кесімдер бойынша кадрлық жұмысты жүргізу;

Қазақстан Республикасы Заңдарын, Президенттің Жарлықтарын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларын, аудан, облыс әкімдерінің, жоғары тұрған өкілетті және атқарушы органдарының өкімдері және шешімдерінің, қаулыларының орындалуына бақылау бойынша жұмысты ұйымдастыру;

заңды және жеке тұлғалардың шағымдарын, өтініштерін, үндеулерін тіркеу, оларды қарастыру бойынша есепті құрастыру;

бөлім әкімші болып табылатын бюджеттік бағдарламалардың жобаларын әзірлеу;

аудан аумағында мемлекеттік аграрлық саясаттың жер өңдеуде жүзеге асырылуын қамтамасыз ету функциялары:

- 1) жерлердің құнарлығын көтеру жөніндегі бағдарламаны әзірлеу;
- 2) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Аграрлық саясатын мемлекеттік қаржылық қамтамасыз етуге сәйкес Қазақстан Республикасы үкіметінің несиелі ресурстарын және бюджеттік қаражатты толық игеруге, пайдалануға мониторинг жүргізу;
- 3) агроқұрылымдарға бизнес – жоспарлар әзірлеуге және бүкіл әлемдік даму банкілері, облыстық бюджет қаражаты есебінен несиеленуге көмектесу, несиені қайтаруға, мақсатты пайдалануға мониторинг жүргізу;
- 4) аграрлық секторда бәсекелестікті және базар құрылымын дамытуға және қалыптастыруға ауылшаруашылық өнімді сатуға агросервисті енгізуге көмек көрсету;
- 5) селолық елді мекендерде ауыл шаруашылығы саласында кәсіпкерлік қызметті белсенді атқару жөніндегі іс - шараларды іске асыру;
- 6) ауданның әлеуметтік – экономикалық дамуының бағдарламаларын әзірлеуге қатысу;
- 7) экономикалық және статистикалық ақпаратты жинауды және талдауды іске асыру, қажет сұранысты, жағдайын талдау, ауыл шаруашылық өнімді өндірушілер мен тұтынушылар арасында байланыс орнатуға көмектесу;
- 8) ауылшаруашылық өндірісті кадрлық қамтамасыз етуді жақсарту жөніндегі шаралар кешені іске асыру;
- 9) мал шаруашылығын дамыту және облыс халқын азық – түлікпен қамту бойынша әзірленген Бағдарламалардың орындалуын қамтамасыз ету;
- 10) малдың тұқымын және азықтық сапасын жақсартуға бағытталған селекциялық – тұқымдандыру жұмысын ұйымдастыру;
- 11) сүтті, етті, жүнді, тері өнімдерін сатып алу жөніндегі тапсырманың орындалуын қамтамасыз ету;
- 12) ауыл шаруашылық жануарлардың кепілін тіркеу;
- 13) бақылау және тексеру іс-шараларын жүзеге асыру;
- 14) рұқсат құжаттарын беру;
- 15) тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды жүргізу құқығына куәліктер беру;
- 16) тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды сенімхат бойынша басқаратын адамдарды тіркеу;

17) тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды нөмірлік тіркеу белгілерін бере отырып тіркеу, қайта тіркеу;

18) тракторлардың және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерінің, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерінің, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналардың кепілін тіркеу және мемлекеттік тіркеу туралы куәлік беру;

19) тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылысы машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды жыл сайынғы мемлекеттік техникалық байқаудан өткізу;

20) тракторларға және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерге, монтаждалған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелеріне, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдеріне, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарға ауыртпалықтың жоқ (бар) екендігі туралы ақпарат ұсыну;

17. Құқықтары мен міндеттері:

бөлімнің өзіне жүктелген міндеттерді іске асыру және өзінің функцияларын жүзеге асыру кезінде заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) өзінің құзыреті шегінде орындауға міндетті нормативтік құқықтық актілерді қабылдауға;

2) заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды адамдарынан қажетті ақпарат пен материалдарды сұратуға және алуға;

3) қолданыстағы заңнамалық актілерде көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

3. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру

18. Бөлімге басшылықты бөлімге жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшымен жүзеге асырады.

19. Бөлімнің бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

20. Бөлімнің бірінші басшысы жеткізілген штаттық санның лимитіне сәйкес орынбасары болады.

21. Бөлімнің бірінші басшысының өкілеттігі:

- 1) бөлімге жалпы жетекшілігін іске асырады;
- 2) бөлімнің жұмысын ұйымдастырады, үйлестіреді және бақылайды;
- 3) бөлімнің қызметін материалдық- техникалық және қаржылық жағынан қамтамасыз етеді, ақпараттық-сараптамалық, ұйымдастырушылық-құқықтық қызметін ұйымдастырады;
- 4) қаражатты мақсатты пайдаланылуын қамтамасыз етеді;
- 5) бөлімнің қызметін қамтамасыз ету мақсатында және жүктелген тапсырмаларды орындауда мемлекеттік сатып алуды өткізуді ұйымдастырады;
- 6) бөлімнің іссапарға жіберу, демалыс беру, материалдық көмек көрсету, қызметкерлерін марапаттау және қосымша ақы төлеу мәселелерін шешеді;
- 7) бөлімнің құзыреті шегінде аудан әкімінің, әкімдіктің құқықтық актілердің, нормативтік-құқықтық актілердің жобасын дайындауды ұйымдастырады;
- 8) бөлімнің қызметкерлерін лауазымдарға тағайындайды және лауазымдардан босатады;
- 9) бөлімнің қызметкерлерінің міндеттерін және құзіретін белгілейді;
- 10) бөлімнің қызметкерлеріне тәртіптік жаза қолданады және марапаттау туралы мәселелерін шешеді;
- 11) бөлімнің бұйрықтарына қол қояды;
- 12) басқа ұйымдарда және барлық мемлекеттік органдарда бөлімнің атынан жүреді;
- 13) әйелдер мен ерлердің тең құқықты және тең мүмкіндіктеріне мемлекетті кепілдік туралы заңнаманы сақталуын қамтамасыз етеді;
- 14) бөлімнің қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын сақтауларына жеке дара жауапты;
- 15) заңнамамен сәйкес басқа өкілеттіліктерді де іске асырады.

Бөлімнің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

22. Бірінші басшы қолданыстағы заңнамаға сәйкес өз орынбасарының өкілеттіктерін айқындайды.

23. Бөлімді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын басшысы басқарады.

4. Мемлекеттік органның мүлкі

24. Бөлімде заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

Бөлім мүлкі оған құрылтайшы берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

25. Бөлімге бекітілген мүлік ауданның коммуналдық меншігіне жатады.

26. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, бөлім өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Заңды тұлға және уәкілетті органның арасындағы қарым қатынасы

27. Бөлімнің құрылтайшысы және басқару жөніндегі уәкілетті органы Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының әкімдігі болып табылады.

28. Құрылтайшының орналасу орны: индексі 150900, Солтүстік Қазақстан облысы, Мамлют ауданы, Мамлютка қаласы, С.Мұқанов көшесі, 12 үй.

29. Құрылтайшы Ережені бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді, бөлімді қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды.

30. Мемлекеттік мүлік бойынша атқарушы органмен және заңды тұлға, заңды тұлға және сәйкес саланың атқарушы органы, заңды тұлғаның әкімшілігі және оның еңбек ұжымы арасындағы қарым-қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес реттеледі.

6. Мемлекеттік органның жұмыс тәртібі

31. Мемлекеттік органның жұмыс тәртібі Бөлімнің жұмыс регламентімен белгіленеді және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының талаптарына қарсы болмауы тиіс.

7. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

32. Бөлімді қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

33. Бөлімнің ұйымдары, аумақтық органдары, мемлекеттік мекемелері жоқ.

34. Кредитордың талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған жойылған мемлекеттік заңды тұлғаның мүлкі мемлекеттік мүлік бойынша уәкілетті органмен бөлінеді (жергілікті атқарушы органмен).

Кредитордың талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған осы заңды тұлғаның мүлігін жүзеге асыру нәтижесінде алынған жойылған мемлекеттік заңды тұлғаның ақшасы сәйкес бюджеттің табысына өткізіледі.